

**2025 жылға бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы,
реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар
алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ЕСЕБІ**

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1 117 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 68 адам, өндірістік персонал – 1 049 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 608 шақырым**, қосалқы станциялардың саны – **2 058 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **60,83%** жетті. Есепті жылдың жоспарына сәйкес электр желілері мен қондырғылардың жалпы тозу деңгейін **3%-ға**, яғни, **60%-ға** дейін төмендетілді.

Құрылғылардың нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы қажет болсада, қазіргі таңда олардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдан** асып отыр.

2. 2024 жылдан 2025 жылға ауыстырылған инвестициялық бағдарламаның орындалуы

2024 жылдан 2025 жылға ауыстырылған жалпы сомасы 194 млн теңгені құрайтын меншікті қаражаты есебінен инвестициялық бағдарламаның:

- **119,4 млн теңгеге** «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту»;
- **0,6 млн теңгеге** «Авторлық қадағалау қызметі»;
- **3 млн теңгеге** «Авторлық қадағалау қызметі»;
- **71 млн теңгеге** «КСО, ЩО, трансформатор қондырғысын алмастыру» іс-шаралары толығымен орындалды.

3. 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарлама жалпы сомасы **8 300 млн теңге** бекітіліп, **8 293,4 млн теңгеге** толығымен орындалды, оның ішінде:

525,7 млн теңге өз қаражаты есебінен:

- **209,8 млн теңгеге** «Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау және жаңғырту»;
- **109,1 млн теңгеге** «Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ-ге қосу»;
- **109,8 млн теңгеге** сомасына «Телемеханика жүйесін жаңғырту және SCADA-ға қосу»;
- **92 млн теңгеге** сомасына «автотехника»;
- **5 млн теңгеге** сомасына «кеңсе техникасы».

7 767,7 млн теңге бюджет қаражат есебінен:

- **190 млн теңгеге** «ӘЖ-35 кВ Л-33, Л-34 ПС – 220/35/10 кВ «КТЭЦ» - ПС-35/10 кВ «Шұғыла» ұзындығы 16 км жөндеу»;
 - **783,6 млн теңгеге** «ӘЖ-35 кВ Л-31А, Л-32А ПС – 220/35/10 кВ «Қызылорда» - ПС-35/10 кВ «Промышленная» ұзындығы 7,3 км жөндеу»;
 - **2 694,4 млн теңгеге** «Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту»;
 - **4 099,7 млн теңгеге** «Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі «Шиелі «ҚС-220/35/10 кВ қайта құру».
- Аталған жұмыстар мердігерлермен толығымен орындалды.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2025 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар	Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	туралы есеп*	Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Электр энергиясын беру	Қызылорда қ. ҚЭТБ-ы ОАЭТ-ы ӘЖ-10/0,4 кВ электр тораптарын қайта жаңарту мен модернизациясы	шақырым	30,15	30,15			209 806	209 806	0	Толығымен орындалды
2	Қызмет көрсетілетін аумақ - Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км ²	Электр энергиясы есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу	дана	1299	1299			69 435	69 435	0	Толығымен орындалды
3		Деректерді жинау және беру құрылғысын сатып алу (УСПД)	жиынтық	9	9			3 375	3 375	0	Толығымен орындалды
4		Іске қосу жұмыстары	жұмыс	1	1			1 740	1 740		Толығымен орындалды
5		Сервер	жиынтық	1	1			4 410	4 410	0	Толығымен орындалды

2025 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

6		Есептегіштерді тексеру үшін автоматты үш фазалы орнату қондырғысы	жиынтық	1	1			30 157	30 157	0	Толығымен орындалды
7		Телемеханика жүйесін жаңарту және SCADA-ға қосылу	жиынтық	2	2			70 160	70 160	0	Толығымен орындалды
8		LED панелін жөндеу жұмыстары	жұмыс	1	1			5 388	5 388	0	Толығымен орындалды
9		Шкаф кең жолақты жиынтықта	жиынтық	1	1			28 013	23 400	4 613	Толығымен орындалды
10		Ethernet қосқышы	дана	26	26			13 158	1 0875	2 283	Толығымен орындалды
11		Автотехника сатып алу	дана	2	2			91794	91794	0	Толығымен орындалды
12		Ұйымдық техниканы сатып алу	дана	23	23			5 176	5 176	0	Толығымен орындалды
13		«КТЭЦ» -220/35/10 кВ қосалқы станциясынан «Шұғыла» 35/10 кВ қосалқы станциясына дейінгі Л-33, Л-34 35 кВ әуе электр желілерін жөндеу	шақырым	16	16			190 000	190 000	0	Толығымен орындалды
14		«Модернизация электросетевой системы 10/0,4 кВ в п.Жанакорган»	шақырым	180,762	180,762			2 006 290	2 006 290	0	Толығымен орындалды
15		Ескі ТП, КТПН-дерді 10/0,4 кВ блокты типтегі КТП(Б) Н-ге ауыстыру	жиынтық	53	53			628 751	628 751	0	Толығымен орындалды
16		Авторлық қадағалау қызметтері	қызмет	1	1			9 620	9 620	0	Толығымен орындалды
17		Техникалық қадағалау қызметтері	қызмет	1	1			49 742	49 742	0	Толығымен орындалды

2025 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

18		Қызылорда облысы, Шиелі кентіндегі «Шиелі» 220/35/10 кВ ҚС реконструкциялау.	жиынтық	1	1			4 099 670	4 099 670	0	Толығымен орындалды
19		«Қызылорда» 220/35/10 кВ ҚС – «Промышленная» 35/10 кВ ҚС арасындағы Л-31А, Л-32А 35 кВ ӘЖ реконструкциялау	шақырым	7,3	7,3			783 631	783 631	0	Толығымен орындалды

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштер	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету		дің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	
Амортизация	пайда												
				жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі			жылдың фактісі	жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
525 715			7 767 703	0	0	63	60	14,45	14,45	230	218		Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада 1 179 млн кВт*сағат болып бекітілген, есепті жылға нақты көлемі 1 239 млн кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 60 млн кВт*сағатқа немесе 5%-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2024 жылмен салыстырғанда

													(2024 ж. электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1 173 млн кВт*сағ құрады) 66 млн.кВт*сағ немесе 6,6% өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен. Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 60% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-40 жылды құрап отыр
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қондырғылардың орташа тозу деңгейі **63%-дан 60%-ға** дейін немесе **3%-ға** төмендеді.

3. 2025 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-Нысан

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2025 жылы бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
I.	Тауар шығару мен қызметтер көрсетілуіне шығындары, оның ішінде:	млн.тенге	5 711	6 223	9	
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	338	400	18	Материалдарға бағалардың өсуі, апаттық жағдайларды болдырмау, сапалы электр энергия мен электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында қосымша апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен электр желілеріне қызмет көрсету жұмыстарының артық көлемде орындалуы
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	3 983	3 955	(0,7)	
3.	Амортизация	млн.тенге	1 082	1 562	44	«Энергетика және ТҮКШ» КММ теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр нысандарының қабылдануына байланысты амортизацияның нақты есебі 1 655 млн теңгені құрап, жыл қорытындысы бойынша 645 млн теңге жоспардан артық шығынды құрады
4.	Жөндеу, барлығы: оның ішінде:	млн.тенге	308	306	(0,6)	Жөндеу жұмыстары толығымен орындалды
4.1	ағымдағы жөндеу	млн.тенге	50	49	(2)	
4.2	күрделі жөндеу	млн.тенге	258	257	(0,4)	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	млн.тенге	369	923	150	
5.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде	млн.тенге	272	400	47	

2025 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

5.1.	Салықтар	млн.тенге	116	208	79	«Энергетика және ТҮКШ» КММ теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр нысандарының қабылдануына байланысты мүлік салығының ұлғаюы, жаңа автокөліктерді сатып алынуына байланысты
5.2	Өндірістік сипаттағы бөге ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындар, барлығы	млн.тенге	156	192	23	
6.	ЕҚҚЖДБ сыйақы төленуіне шығындары	млн.тенге	97	523	439	инфляцияның жоғарылауына байланысты
III	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	4 968	5 694	15	Бірыңғай сатып алушының электр энергиясының бағасының жоғарылауынан
IV	Барлық шығыстар	млн.тенге	11 048	12 840	16	
V	Пайда	млн.тенге	-	(2 232)	-	
VI	Барлық табыс	млн.тенге	11 048	10 508	(5)	
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	млн. кВт*сағ	1 179	1 239	5	қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушылар санын енгізу есебінен
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,45	14,45	-	транзит көлемінің ұлғаюы есебінен
		млн. кВт*сағ	170	173	2	
IX	Электр энергиясы берілуі қызметтеріне тарифі (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	9,371	8,481	(9,5)	
	PCOD сомасын алып тастауды ескере отырып	млн.тенге	206	-		
	2023 жылғы тұтынушыларға өтелмеген залал сомасы (PCOD)	млн.тенге	61	-		
	Электр энергиясы бағасының айырмашылығына байланысты алынбаған табысты өтеу сомасы	млн.тенге	237	-		
X	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі барлық кірістер	млн.тенге	11 018	10 508	(5)	
XI	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	9,346	8,481	(9,3)	2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 14 мамырына дейін «ҚЭТТК» АҚ-мы 7,007 теңге уақытша өтемдік тарифі бойынша кіріс алды, Департаменттің 08.05.2025ж. №18-НҚ бұйрығымен 2025 жылдың 15 мамырынан бастап қолданысқа енгізілуімен 9,346 теңге мөлшеріндегі тариф бекітілді.

4. Реттелетіп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2025 жылы 2-дәрежелі істен шығулар **218 рет** тіркеліп, 2024 жылмен салыстырғанда **6%-ға** төмендеді. Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Реттелетіп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат
2025 жылы бойынша жылдық қорытындысы

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

Рет. №	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2024ж. дерегі	2025 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2025 ж. фактісі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	0,9847	3,7	0,3521	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	1,2359	3,7	0,6157	норма	жоқ

5. 2025 жылдың нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Рет. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2024 ж. дерегі	2025 ж. жоспар	2025 ж. нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1 173	1 179	1 239	5	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн. теңге	7 963	11 048	10 508	(5)	алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің енгізілу уақытына байланысты
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	164	170	173	2	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	3 771	4 978	5 694	14	жоқ

6. 2025 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:
Жалпы **табыс 40 990 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 34 639 млн тг, өзге де қызметтерден 6 351 млн тг).
Жалпы **шығыстарға 42 804 млн теңге жұмсалды** (негізгі қызметке 39 217 млн тг, өзге де қызметтерге 3 587 млн тг).
Жылдық шығын **1 814 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 4 578 млн тг шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 2 764 млн тг құрап отыр).

Негізгі қызмет бойынша шығынның қалыптасуына мыналар әсер етті:

- **«Материалдық шығындар» бойынша** өндірістік қажеттілікке қажетті материалдар бағасының, «жанар-жағармай» шығындарының, сондай-ақ электр энергиясын сатып алу тарифтерінің өсуіне байланысты «шаруашылық қажеттіліктерге энергияны сатып алу» шығындарының ұлғаюына, апаттық - қалпына келтіру жұмыстары есебінен **62 млн теңгеге** артық шығын қалыптасты;
- тарифтік сметада бекітілген **«амортизациямен»** салыстырғанда нақты амортизацияның **483 млн теңгеге** ұлғаюы. Бекітілген тарифтік сметада нақты амортизация шығыны толығымен ескерілмеді;
- **«Салықтар» бойыншы шығыстар** Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр энергетика нысандардың қабылдауына байланысты мүлік салығының ұлғаюына және жаңа автокөліктерді сатып алынуына байланысты **92 млн теңге** артық шығын қалыптасты;
- **«Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төленуіне шығындары»** инфляцияның **12%-дан 26,98%-ға** дейін жоғарылауына байланысты **427 млн теңгеге** артты;
- **«Нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары»** Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын электр энергиясы бағасының тұрақсыз өзгермелі болуына байланысты, сатып алу бағасының тарифте бекітілген **24,68 теңгеден 34,84 теңгеге** дейін, яғни **10,16 теңгеге** немесе **41% - ға** ұлғаюынан, сонымен қатар «KEGOC» АҚ Ұлттық энергетикалық торабын пайдалану қызметі тарифтерінің **42% - ға** өсуінен (*бекітілген – 2,02 теңге, нақты- 2,86 теңге*), электр энергиясы транзиті көлемінің артуына байланысты нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары **726 млн теңгеге** ұлғайды;
- **«Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындары» 30 млн теңгеге** артты.
- тарифтік сметада ескерілмейтін шығындар (*айыппұлдар, өсімпұлдар, бюджетке төленетін мемлекеттік баждар, сот шығындары және т.б.*) **73 млн теңгені** құрады.
- өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты **алынбаған табыс 510 млн теңге**.

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада бекітілген транзит көлемі **1 179 млн кВт*сағат** болса, нақты қалыптасқан көлемі **1 239 млн кВт*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден **60 млн кВт*сағатқа** немесе **5%-ға** ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2024 жылмен салыстырғанда (*1 173 млн кВт*сағ.*) **66 млн кВт*сағатқа** немесе **5,6%** өсті.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

«Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесін жаңғырту» бағдарламасы аясында бюджет қаражаты есебінен **2 694 млн теңгеге** келесі жұмыстар атқарылды:

- 69,167 шақырым 10 кВ әуе желілерін;
- 103,511 шақырым 0,4 кВ әуе желілерін;
- 1,8 шақырым 10 кВ кабельдік желілерін;
- 6,284 шақырым 0,4 кВ кабельдік желілерін қайта жаңғырту жұмыстары;
- 53 жиынтық ТП, КТПН қосалқы станцияларын КТПБ-10/0,4 кВ блоктік үлгіге ауыстыру;

Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі 220/35/10 кВ «Шиелі» ҚС қайта құру жұмыстары **4 100 млн теңгеге** бюджет қаражаты есебінен жүргізілді.

9. 2026 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары

*(оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің
тарифі өзгерген жағдайда)*

Уәкілетті органның 2025 жылғы 8 мамырындағы №18-ОД бұйрығымен ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап **9,152 теңге** тарифімен электр энергиясын беру қызметінің тарифтік сметасы бекітілді. Қолданыстағы ережелерге сәйкес жыл соңына дейін тариф өзгертілмейді.

2026 жылдың тарифтік сметасына сәйкес:

- электр энергиясы транзитінің көлемі – **1 238 млн кВт*сағат**, нормативтік ысыраптардың көлемі - **177 млн кВт*сағат** немесе **14,40%**;
- жөндеу жұмыстары – **349 млн теңге** (*ағымдағы жөндеу – 52 млн теңге; күрделі жөндеу – 297 млн теңге*). Оның ішінде: **54,87 шақырым** әуе желісіне және **30** қосалқы станцияларына **күрделі** жөндеу жұмыстары, сонымен бірге **15,25 шақырым** әуе желісі және **28** қосалқы станцияларына **ағымдағы** жөндеу жұмыстары қарастырылған.

Қазіргі таңда, барлық жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар мемлекеттік сатып алу веб-порталына жарияланып, келісім шарттар жасалуда.

Уәкілетті органның 20.02.2026 жылғы №6 бұйрығымен 1 кВт*сағат электр энергиясын беру қызметіне **2026 жылғы 1 сәуірден бастап 2027 жылғы 31 наурыз аралығында 8,76 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф** енгізілді.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес *«өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруімен»* және *стратегиялық тауарлар құнының өсуіне* байланысты **ағымдағы жылдың наурыз айының соңында** Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім беру жоспарлануда.